

Жаяу әскерге қарсы жер үсті миналарын экспорттауға тыйым салу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 5 тамыздағы N 1222

Біріккен Ұлттар ұйымы Бас Ассамблеясының 1995 жылғы 12 желтоқсандағы N 50/70 қарарында жарияланған жаяу әскерге қарсы жер үсті миналарын экспорттауға мораторий жариялау туралы дүниежүзілік қоғамдастықтың бастамасын қолдау мақсатында және 1996 жылғы 18 маусымдағы "Қару-жараққа, әскери техникаға және қос мақсатта пайдаланылатын өнімге экспорттық бақылау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы е т е д і :

1. Қайта экспорттауды және транзитті қоса алғанда, Қазақстан Республикасынан жаяу әскерге қарсы жер үсті миналарын экспорттауға тыйым салынсын.

2. Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі, Қорғаныс министрлігі, Ішкі істер министрлігі, Мемлекеттік кеден комитеті, Ұлттық қауіпсіздік комитеті (келісім бойынша) қайта экспорттауды және транзитті қоса алғанда, жаяу әскерлерге қарсы жер үсті миналарын экспорттауға жарияланған тыйым салудың са қ т а л у ы н қ а м т а м а с ы з е т с і н .

3. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Қазақстан Республикасы Үкіметінің жаяу әскерге қарсы жер үсті миналарын экспорттауға, қайта экспорттауға және транзитіне тыйым салуды енгізгені туралы ресми мәлімдеме жасасын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі